

ЖАМБЫЛ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ПОЭЗИЯСЫ ЖАЙЛЫ ҮЗІК ОЙ

Жамбыл туралы сөз қозғағанда, әдетте оның Кеңес өкіметі жайлы өлеңдері ойға оралады. Бірақ ақынның жырлары, дастандары, хикая, айтыстарына үңілер болсақ, кемеңгер өнерінен шығыс ақындарына тән дәстүрді байқауға болады. Есейіп, сөз өнерін қууға ниет ете бастаған бала Жамбыл хикая, дастандар жазуға бел буады. Хикая, дастан жазуының өзі шығыс әдебиетімен таныстығын көрсетеді. Жамбыл ақындық суырып салмалық өнеріне қоса, «Көрғұлы», «Шаһмардан» сияқты жыр-дастандарды апталап-айлап жырлап, ақындық жыраулық өнерін соны қырымен таныта бастайды. Ол шығыс сюжеттері желісінде өрбіген жырларды, соның ішінде «Мың бір түнді» айрықша жырлаған. Бірақ, Жамбыл жырлаған нұсқа сақталмаған. Әйтсе де оның «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» сияқты эпикалық туындылары парсының атақты ақыны Ә.Фирдаусидің «Шахнама» дастанымен үндеседі. Тамаша эпикалық шығармалар жазған Жамбылдың әлем әдебиетіндегі зор маңызға ие туындылармен, соның ішінде «Шахнамамен» таныс болмауы мүмкін емес. Белгілі Сыр сүлейі Тұрмағамбет Ізтілеуұлы «Шахнаманы» қазақша аударар алдында Жамбылды арнайы іздеп барып, біраз күн жыр алыбынан ақыл-кеңес алған екен. Сөйтіп Т.Ізтілеуұлының «Шахнаманы» қазақша тамаша жырлауына Жамбылдың да қосқан үлесі зор болса керек. «Шахнаманың» алты томын парсы тілінен орыс тіліне аударған тәжік ақыны Бану Лахути Жамбылды көргенін, тыңдағанын «Шахнаманың» орысша аудармасының екінші томында жазған. Бану-Лахути атақты парсы-тәжік шайыры, Жамбылға жыр арнаған Әбілқасым Лахутидің зайыбы. Оның айтуынша, Жамбыл әсіресе, «Шахнаманы» ұзақ таңға дейін жырлаған. Рүстем батыр жырын Бану-Лахути елітіп, бар ынтасымен тыңдаған екен. Өкінішке орай, осы Жамбыл жырлаған нұсқа әлі күнге дейін қолға түскен жоқ. Егер жамбылтанушылар жабыла іздеп, Жамбыл жырлап кеткен «Шахнаманы», тіпті болмаса ол жырдың «Рүстем батырға» қатысты бөлімін тапса, нұр үстіне нұр болар еді. Осы ретте бұл тақырыпты белгілі шығыстанушы ғалым, профессор Өтеген Күмісбаевтың қаузағандығын айта кеткен жөн.

Ақын-шайырлар араб, парсы елдерінің мұраларымен бірге Орта Азия, Ресей қалаларының баспаханаларында басылған прозалық қисса-ертегі, аңыз-хикаяларды парсы-араб, шағатай тілдерінен өлеңмен аударып, халық арасына таратқан. Бұл үрдістен суырып салма дәстүрдің айтулы саңлақтары да сырт қалмаған. Майлықожа, Құлмамбет, Нұрпейіс, т.б. халық ақындарымен қатарласа, Жамбылда шығыстық сюжеттерді жарыса жырлап, халық құрметіне бөленген.

Жамбыл Шығыстың және Батыстың кез келген ақынынан кем түспейтін дүлдүл ақын. Жамбыл саңлақ қашанда жалынды жыр айтқан. Жамбыл Майлықожаны, Абайдың шығыс шайырларын пір тұтқаны секілді жоғары қойғаны мына өлеңінен байқалады:

Қаздай қалқып ерінбей,
Өлең тердім жасымнан.
Майкөт ақын, Құлмамбет.
Орын берді қасынан
Майлықожа құлыншақ
Пірім еді бас ұрған, –

дейді.

Жамбыл отызға толған шағында Алматы, Талдықорған, Ақмешіт, Шымкент өлкесін аралап, атақты ақындармен кездесіп, білім көкжиегін ашып, ауыз әдебиетінің інжу-маржанына әбден қанығады. Сол сапарында Өзбекстан, Қырғызстан жерін шарлап, біраз сөз тарландарымен тоғысады. «Шаһнаманы», «Манасты», «Тотының тоқсан тарауын» сол жолы тыңдап, үйреніп, өзінше жырлайды.

Поэзия әлемінде шығыс шайыры Омар Хаям мен жыр алыбы Жамбылдың есімі қатар тұрады. Жамбыл мен Омар Хаям – мәңгі өлмес қос есім. Жырлары алуан ойларға апаратын Омар Хаям һәм Жамбыл – жыр күдіретінің қуатты сөздерін айта білді.

Жас та өтер, бірте-бірте кәрі де өтер,
Баянсыз бұл жалғанның бәрі бекер,
Жаһанда мәңгі жасар жан жоқ, сірә,
Кетеміз, кетгі келер, тағы кетер, –

деген сонау Х ғасырдағы Омар Хаямның ойы XX ғасырдағы Жамбыл ойымен үндеседі. Қос алыптың жырлары Памир мен Алатау шыңдарын көз алдыңа әкеледі.

Ұлылар бір-біріне иықтасып үндеседі, сондықтан да олар қай ғасырда ұлы болып қала берді. Дүниенің ескі, жаңа заманында жаратылған екі алып ой аспанын, заңдарын бірін-бірі қайталамай бірге көтеріп тұрғандай.

Қайдан келдік және қайда барамыз,
Тірлік мәнін қайдан біліп аламыз.
Аппақ жандар көк дөңгелек астында,
Күлге айналды, түтіні жоқ, қараңыз?
(Омар Хаям)

1936 жылы Жамбыл орден алғанда, Тәжікстан шайыры Әбілқасым Лахути көтеріңкі шабытпен жазылған құттықтау өлеңін Жамбылға жолдайды. Бұл өлең ақынның бірнеше жинақтарында бар.

Шарықтап арасында бақытты гүл,
Ән шырқа еркіндетіп азат бұлбұл!
Құшақтап күміс күнді тәтті дауыс,
Аймалап жердің бетін төгілсін жыр.
Естісін әлем тегіс туған бақшаң,
Құлпырып күннен күнге төккелі тұр.
Жемістің салмағынан басын иген –
Бұлақты, қызыл гүлді сайраған тіл.
Шынарға айт: емін-еркін ассын биік,
Қызғалдақ оған да айт, – жайнатсын гүл.
Тындайды сен сөйлесең құлақ салып,
Күй-күйлер басқа бақта тұрған бұлбұл,
Ынтығып өлеңіңді сағынады.

Қазақтың бұлбұл құсы – Жамбыл деп, Лахути Жамбылға жалынды жыр арнайды. Бұл он сегіз жолдан тұратын ғазал формасымен жазылған арнау өлең. Жамбылға жылы әсерін тигізіп, қазақ ақыны Памир тауларымен тілдескендей болып «Ғасем Лахутиға» деп аталатын жауап өлеңін жазады. Лахути парсы тілінде жырласа, Жамбыл қазақ тілінде толғайды. Ақындардың бір-біріне өлеңмен хат жолдауы бұрынғы, соңғы әдебиетте кездесіп жүрген көріністердің бірі, кейде шайырлардың хат-өлең арқылы өзара айтысып кететіндері бар. Ондай жазбаша айтыстың түрі кейде айға, кейде жылдарға созылып кетуі мүмкін. Араб әдебиетінің арғы ескі тарихында бір-бірімен елу жыл айтысып өткен үш ақын болған. Ал, Лахути мен Жамбыл арасындағы өлең жарысы екі тілде, әрі қазақ пен тәжік ақыны арасында орын алған ерекше құбылыс. Екеуі екі елдің белді ақындары. Парсы ақындарынан медет сұраған Абай үлгісі Жамбылда да кездеседі.

Бақытты ел бас қосқанын етіп өлең,
Лахути, парсыша сен жаздың сәлем.
Елжіреп дауысыңа шын жүрегім
Қазақша мен де саған жауап берем.
... Сорғалай, көтер даусың, әндет әсем,
Ұрпағы Фердаусидың ақын Ғасем.
Шынардың астын қуған бұлақтай боп,
Сылдырлар бізбен бірге миллион шешен.

... Лахути сал көзіңді, жайнады бақ,

Ол бақта жайқалып тұр гүл, қызғалдақ.
Жұпар иіс бой балқытып, ойды тербеп.
Күміс шық жалтырайды маржандай-ақ.
Көк жиек көлді ұялтып еркелейді,
Меруеттей ашық аспан тұр жарқырап.
Иранның жібегіндей жегі майда,
Тотыдай нәзік үнмен тұрған шырқап, –

деп Жамбыл атамыз жыр шумақтарын көсілтеді. Туысы басқа, тілегі бір, түрі басқа, жүрегі бір, тілі басқа, білегі бір деген берік ойды қазақ ақыны белдеуге қаққан қазықтай бекем бекітіп алады. Жыр Гомері Жамбыл атаның Шығыс әдебиетін қастерлей, жақын тұта білгендігін осы «Ғасем Лахутиға» арнаудың бір тұсында байката кетеді. Оны мынадай жолдардан анық аңғаруға болады:

Ғазалы парсы елінің, қазақ жыры,
Қосылып толтырады бірін-бірі.
Мадақтап ел ағасын жұрт данасын,
Шырқаған азат елдің шығады үні, –

дейді.

Бұл өлең жолдарында шығыс поэзиясындағы – ғазалды Жамбыл ақын орынды қолданып, Лахути ғазалына ғазалмен жауап беріп отыр. Бұл да шынайы шеберліктің тегеурін тапқырлықтың санатына жатады. Табан астында тап-таза мөлдір ғазалды тастап жіберу Жамбыл сынды жүйрік, желаяқ жыр палуанының қолынан ғана келетін шаруа. Лахутидың ұлы ұстазы әлемге әйгілі «Шахнаманы» жазып қалдырған Фирдауси есімін де Жамбыл жай атап өтпесе керек. Ұрпақ, замана, адамзат, өнер жалғасын мегзеп айтады. Роман Роллан айтқандай, «Қазақ даласының жүрегі – Жамбыл» жыры Батыс пен Шығысты түгел шарлап жеткен қазақ халқының қадірлі сәлеміндей естіледі.

Жамбыл сөзін Азия, Африка елдерінің көптеген ұлттарына да арнаған. Фирдоуси, Шота Руставели, Тараз Шевченко, Тұрсынзада, Әбілқасым Лахути аттары Алатау алыбының кең құшағына еркін сиып кететін «Мың бір түнді», «Көрұғлыны», «Манасты» бірнеше күн мен түн жырлаған Жамбыл үшін Батыс, Шығыс поэзиясының саңлақтары қымбат, рухани қазынасындай саналатын.

Ақынның «Ақындарға арнау» деген толғауында «бәйіт» деген сөз кездеседі. Бәйіт-қос тармақты өлең шумағы, шатыр деген араб сөзінен шығады. Ғазал, дастан, мухаммас көбінесе бәйіт формасымен жазылады. Бәйітте біткен ой бар. Түркі тілдес халықтар поэзиясында, сондай-ақ парсы, араб поэзиясында кейде ұйқассыз келе беретін қос жолды өлең. Бәйіттен ғазал, қасида, мәснәуи, рубай келіп шығады. Түркі тілдес халықтар поэзиясында төрт

жолды болып келетін Низами (XII ғ.) Науаи (XV ғ.), дастанары бәйіт формасында жазылған. Жамбыл осы бәйіт сөзін орнымен қолданып, оның мағынасын жырға, аңызға балайды. Ақын «Өтеген батыр» дастанын хикая деп бастайды. Хикая, қисса, хикаят, хамса терминдері де Шығыс поэзиясының қазақтың ауызша, кейін жазба әдебиетіне ауысып, орнығып кеткен. «Құраннан аят айтайын», «Шариғат сөзі түйінді» дегенді Жамбыл жайдан жай айта салмаса керек.

«Құран» ұлы, қасиетті кітаптардың бірі. Қасиетті Құранға еліктеп тоғыз өлең жазған Пушкин мүбарак Құранға ғашықпын деген екен. Ал, «аят» сөзіне келер болсақ, ол араб сөзі. Үш мағынасы бар. Керемет ғажайып сиқыр, белгі және «Құран» сүрелерінің бір бөлігі не шумағы, ритмикалық бірлігі. Еуропа және орыс Шығыстану ғылымында «Аят» терминін өлең деп біледі. Аяттан сүрелер, ал сүрелерден тараулар құралады.

Қорыта айтқанда, жыр алыбы Жамбылдың Шығыс рухани дүниесіне қатысты өлеңдері де болуы әбден мүмкін. Шығысқа үрке қараған Кеңестік жүйе мұндай тақырыптағы шығармаларды тұншықтырып, жарыққа шығармағаны белгілі. Сан сиқырға толы ақын әлемінің Шығысқа қатысты тұстары бір жүйеге келіп, тың зерттеулерді қажет етеді.

Дереккөз:

Жамбыл Жабаевтың 170 жылдық мерейтойына арналған «Жамбыл ақындық мұрасы және жамбылтанудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Алматы, 25 ақпан, 2016 ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 2-5-беттер.